

11. Применение интерактивных методов обучения при преподавании учебных дисциплин "информатика" и "информационные технологии" в казанском филиале ранх и гс /Автор: ЛИ Гурина <https://cyberleninka.ru/article/n/primenenie-interaktivnyh-metodov-obucheniya-pri-prepodavanii-uchebnyh-distsiplin-informatika-i-informatsionnye-tehnologii-v/viewer>

*Балташова У.Д., Берікқызы М., студенттер
Хабдолда Б., аға оқытушы
Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті*

МЕКТЕП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ ИНФОРМАТИКА ПӘНІНЕН ОҚУ НӘТИЖЕЛЕРІН ЖАҚСARTУҒА АРНАЛҒАН 10 ТИІМДІ СТРАТЕГИЯ

Аннотация:

Мақала мектептерде информатиканы оқыту нәтижелерін жақсартуға бағытталған 10 тиімді стратегияны ұсынады. Қолайлы білім беру ортасын құру, интерактивті материалдарды пайдалану, информатиканы басқа пәндермен интеграциялау және т.б. сияқты нақты әдістерді сипаттай отырып, авторлар педагогикалық практика барысында осы стратегияларды практикада қолдану тәжірибесімен бөліседі. Олар әр стратегияның артықшылықтарын ғана емес, оларды қолданудан алынған нәтижелерді де талқылайды.

Кілт сөздер: *информатика, білім беру, оқу процесі, тиімді стратегиялар, педагогикалық практика, жеке көзқарас, интерактивті оқу материалдары, пәндерді интеграциялау, практикалық қолдану, мұғалімдердің біліктілігін арттыру, оқыту әдістерінің әртүрлілігі, жетістіктерді ынталандыру, ата-аналармен ынтымақтастық.*

Информатика саласындағы білім қазір әлем елдерінде маңызды рөл атқарады. Маңыздылығына байланысты оқушыларды информатика пәнінен оқыту нәтижелерін жақсарту педагогтар мен білім беру мекемелерінің басты міндеттерінің бірі болып табылады. Осы мақсатқа жету үшін оқушылардың осы саладағы жетістіктерін арттыруға көмектесетін көптеген тиімді

стратегияларды қолдану қажет. Бұл мақалада біз информатика бойынша оқу нәтижелерін жақсартуға көмектесетін 10 тиімді стратегияны қарастырамыз және мектепте өткен отыз күндік педагогикалық тәжірибеде алған нәтижелерімізді іс жүзінде талқылаймыз.

Қарастырылатын **бірінші стратегия** - қолайлы білім беру ортасын құру. Мектеп мекемелері жеткілікті компьютерлер мен бағдарламалық жасақтамасы бар компьютерлік сыныптар сияқты информатика сабақтарына дұрыс жағдай жасауы керек [1].

Біз тәжірибеден өткен мектептер Қарағанды қаласындағы «№36 ЖББОМ» КММ және «Әл-Фараби атындағы мектеп-гимназиясы» КММ. Бұл мектептерде әр оқушы үшін жеткілікті компьютерлер, ноутбуктар, жабдықтар және интернетке қол жетімділігі бар заманауи компьютерлік сынып ашылған. Бұл пәнді оқу үшін қажетті ресурстарға қол жеткізуді қамтамасыз ете отырып, ыңғайлы жағдайда информатика сабақтарын өткізуге мүмкіндік берді. Оқушы саны көп сыныптар үшін информатика кабинетінде компьютерлер саны кейде жеткіліксіз болды. Ондай жағдайда біз ноутбуктарды сол сыныптың өз кабинетіне апарып, әрқайсына жеке ноутбук тарату арқылы сабағымызды ойдағыдай өткізе алдық.

Екінші стратегия - интерактивті оқу материалдарын әзірлеу және пайдалану. Дәстүрлі оқулықтардың орнына бейне дәрістер, онлайн курстар немесе арнайы білім беру платформалары сияқты заманауи технологияларды қолданған жөн. Осының арқасында оқушылар материалды өз бетінше оқып, оны іс жүзінде бекітуге мүмкіндік алады.

Болашақ информатика мұғалімдері ретінде біз бейне дәрістер, интерактивті тапсырмалар және практикалық жаттығулардан тұратын онлайн платформаларды пайдаланып көрдік. Нәтижесі керемет. Қазіргі кезде заман талабына сай оқушыларды сабаққа бірден еліктіріп әкету анау айтқандай оңай емес. Дегенмен, жаңа технологиялардың арқасында бұл - мүмкін! Бұл оқушыларға материалды ыңғайлы уақытта өз бетінше үйренуге, оқу материалымен тереңірек өзара әрекеттесуге мүмкіндік берді.

Үшінші стратегия – информатиканы басқа пәндерге біріктіру. Информатиканы оқыту тек жеке сабақ аясында ғана

емес, сонымен қатар басқа пәндер аясында да жүргізілуі керек. Мысалы, математика мен физиканы информатикамен біріктіруге болады, бұл оқушыларға бағдарламалау мен алгоритмдердің негіздерін жақсы түсінуге және қолдануға көмектеседі.

Физика сабақтары аясында оқушыларға физикалық құбылыстарды модельдеу үшін тренажер бағдарламасын жазу ұсынылды. Бұл оқушыларға бағдарламалау дағдыларын жетілдіріп қана қоймай, информатиканы практикалық қолдану арқылы физика заңдылықтарын жақсы түсінуге мүмкіндік берді.

Төртінші стратегия – информатиканы практикалық қолдану. Оқушыларға әртүрлі жобалар мен міндеттерді орындау арқылы алған білімдерін іс жүзінде қолдануға мүмкіндік беру қажет. Бұл оларға материалды тиімдірек үйренуге және алған дағдыларын нақты өмірде қолдануға үйренуге көмектеседі [7].

Жоспар бойынша 10-сынып оқушылары web-жобалау тақырыбын өткен болатын. Біз оларға жергілікті қайырымдылық ұйымы үшін веб-сайт құру жобасын әзірлеу туралы тапсырма бердік. Мұндағы мақсатымыз - алған бағдарламалау білімдерін сайтты құру үшін пайдалана білу, бұл оларға теориялық білімді іс жүзінде қолдануға және командада құнды тәжірибе алуға мүмкіндік берді деп айта аламыз.

Бесінші стратегия – ойындар мен жарыстарды пайдалану. Бағдарламалау жарыстарын ұйымдастыру немесе ақпараттық ойындар өткізу оқушылардың назарын көбірек аударуға және олардың осы пәнге деген қызығушылығын дамытуға мүмкіндік береді. сонымен қатар, мұндай іс-шаралар қарым-қатынасты, топта жұмыс істеуді және мәселелерді шешуді үйретеді.

Мектепте информатика бойынша интеллектуалды турнир ұйымдастырылды, оның аясында оқушылар түрлі міндеттер мен басқатырғыштарды шешуде бақ сынасты. Бұл оқушылардың пәнге деген қызығушылығын оятып, олардың дағдыларын жетілдіруге түрткі болды.

Алтыншы стратегия - әр оқушыға жеке көзқарас. Мұғалімдер әр оқушының ерекшеліктерін ескеріп, жеке оқыту әдістерін ұсынуы керек. Уақыт пен ресурстардың жеке тәсілге жұмсалуды оқушылардың жетістіктерінің артуы нәтижесінде өзін - өзі ақтайды [5].

Біздің тәжірибемізде материалды игеруде қиындықтарға тап болған оқушылар да кездесті. Олар үшін біз арнайы қосымша сабақтарды ұсындық. Жеке тәсілдің арқасында ол білімдегі олқылықтарды толтырып, жақсы нәтижелерге қол жеткізе алды. Бұл жағдайда бізге көмекке келген мына платформалар: lino it, padlet, wikiwall, quizlet, learningapps.org, wordwall, liveworksheets, canva, google форма және т.б.

Жетінші стратегия – мұғалімдердің біліктілігін үнемі арттыру. Мұғалімдер соңғы тенденциялардан хабардар болу және оқушыларға ең өзекті ақпаратты беру үшін информатика бойынша мамандандырылған курстар мен тренингтерге қатысуы керек [3].

Мектептерде бізге бекітілген жетекшілеріміз, яғни информатика мұғалімдері информатиканы оқытудың жаңа әдістері мен заманауи білім беру технологияларын қолдану бойынша семинарлар мен біліктілікті арттыру курстарына үнемі қатысып отыратынын байқадық. Бұл жайт бізге түртіп аларлықтай тәжірибе болды. себебі, қайткенмен де информатика бір ағында ғана тұратын сала емес, жаңашылдықты үнемі талап етеді!

Сегізінші стратегия – оқыту әдістерінің әртүрлілігі. Оқушыларға әр түрлі жұмыс түрлері ұсынылуы керек: жеке тапсырмалар, топтық жобалар немесе тапсырмаларды бірлесіп шешу. Бұл оқу процесін байытады және информатика тек бір түрдегі қызметпен шектелмейтінін түсінуге көмектеседі [8].

Информатика сабағының бөлігі ретінде оқушыларға топтың әр мүшесі белгілі бір рөл атқаратын топтық жоба құру ұсынылды. Бұл ынтымақтастықты ынталандыруға және командалық дағдыларды дамытуға мүмкіндік берді.

Тоғызыншы стратегия - жетістіктерді ынталандыру. Информатикадағы жетістіктерді, мысалы, мойындауды көпшілік алдында білдіруге, оқушылардың белсенділігі мен нәтижелеріне қарай рейтинг жүргізуге ынталандыру керек. Бұл мектеп оқушыларын тақырып бойынша белсенді және саналы жұмыс істеуге ынталандырады.

Информатика сабағындағы ең жақсы оқушылар жетістіктері үшін сыйлықтар мен марапаттарға ие болды, бұл оларды одан әрі табысқа жетуге және сабаққа белсенді қатысуға ынталандырды.

Оныншы стратегия - ата-аналармен ынтымақтастық. Ата - аналар білім беру процесінде маңызды рөл атқарады. Олармен ынтымақтастық, ата - аналар жиналыстары мен ашық сабақтар информатиканы оқыту үшін қолайлы атмосфера құруға және үйдің қызығушылығын сақтауға мүмкіндік береді.

Жетекшілеріміз ата-аналар кездесулерін ұйымдастырды және бұл кездесуді жүзеге біз мүмкіндік алдық. Онда ата-аналар оқыту әдістері туралы ақпарат ала алды және балаларының пәнге деген қызығушылығын қолдай алды. Неге? Себебі, жаңа технологияларды пайдалану арқылы ата-аналарға ұтымды тренинг өткіздік. Бұл информатиканың мүмкіндіктерін тағы бір мәрте көрсетуге үлкен себеп болғандай. Кездесу соңында ата-аналарға балалары үшін информатика пәнінің маңыздылығын, бұл пәнне немқұрайлы қарамауларын айтып түсіндірдік. Шыны керек, информатика бұрыңғыдай компьютерді қосып қойып «Миллион кімге бұйырады?» ойынын ойнап отыратын пән емес. стереотиптің бұзылғанына біраз болса да көбісі бұл пәнге шындап кірісе қоймағаны айтпаса да түсінікті. Қысқасы, информатика – орнын ойып тұрып аларлықтай пән, ол ешқашан ағыннан қалған емес!

Осылайша, бұл мақалада информатика бойынша оқу нәтижелерін жақсартуға көмектесетін 10 тиімді стратегия қарастырылды. Жоғарыда аталған стратегияларды қолдану оқушылардың информатика бойынша оқу нәтижелерін жақсартуға мүмкіндік береді. Қолайлы білім беру ортасын құру, интерактивті материалдарды пайдалану, информатиканы басқа пәндермен интеграциялау, практикалық қолдану және мұғалімдердің біліктілігін үнемі арттыру - осы факторлардың барлығы оқушылардың информатика саласындағы дағдылары мен білімдерін қалыптастыруға ықпал етеді. Әрбір оқушы бірегей екенін есте ұстаған жөн және оған сәйкес келетін стратегияларды табу үшін әртүрлі стратегиялармен тәжірибе жасау қажет болуы мүмкін. Бұл стратегияларды қолдану оқу нәтижелерін жақсартып қана қоймайды, сонымен қатар оқушыларға Тәуелсіздік, сыни ойлау, қарым - қатынас және мәселелерді шешу дағдыларын дамытуға көмектеседі. сөз соңында, осы стратегияларды қолдана отырып, информатиканы зерттеуге уақыт пен күш жұмсау болашақта айтарлықтай пайда әкелуі мүмкін дегіміз келеді.

Пайдаланған әдебиеттер

1. Шекербекова Ш. Т., Салгожа И. Т., Тойшыбек Т. Т. Информатиканы оқыту барысында оқушылардың ақпараттық құзырлығын қалыптастырудың құрылымдық-функционалдық моделі //Вестник «Физико-математические науки». – 2020. – Т. 72. – №. 4. – С. 282-288.
2. Жақыпбекова Г. А., Рысжанова А. С. Бастауыш сыныптарда информатиканы оқытудың әдістемелік ерекшеліктері //Интернаука. – 2021. – №. 17-4. – С.13-14.
3. Маликова Н. Т. Білім беруді цифрландыру жағдайында болашақ информатика мұғалімдерін кәсіби даярлау мәселелері //Вестник КазНПУ имени Абая, серия «Педагогические науки». – 2021. – Т. 69. – №. 1. – С. 58-66.
4. Алипова А. К., Турганбаева А. Р. Бастауыш мектепте информатика пәнін оқытуда ойын тәжірибесін енгізудің артықшылықтары //Вестник «Физико-математические науки». – 2023. – Т. 84. – №. 4. – С. 218-227.
5. Муслимова Ж. Информатика сабағында оқытудың белсенді әдіс-тәсілдерін пайдалану //«Qazaq Journal of Young Scientist» халықаралық ғылыми журналы. – 2024. – Т. 2. – №. 1. – С. 36-40.
6. Жақыпбекова Г. Т. и др. Болашақ информатика мамандарының электрондық білім беру ресурстарын қолданудағы кәсіби күзиреттілік //Теория и практика современной науки. – 2021. – №. 6 (72). – С. 273-279.
7. Маужигитова А. Г., Медешова А. Б. Информатика сабағында оқушылардың іт күзиреттілігін қалыптасытыру //Endless light in science. – 2024. – Т. 7. – №. март 2. – С. 36-39.
8. Бимурзаева А. Г. Информатика сабақтарында оқушылардың функционалдық сауаттылығын қалыптастыру //вестник жетусуского университета имени и. жансугурова. – 2023. – №. 4 (109). – С. 45-50.
9. Кеңес Б., Кочак М., Есполова Е. Информатика саласына қатысты мектеп оқулықтарында терминдердің қолданылуы //Научно-педагогический журнал «Білім» Национальной академии образования им. Ы. Алтынсарина. – 2024. – Т. 108. – №. 4. – С. 19-28.
10. Ботабекова Р. И., Тойшыбекова К. С. Білім берудегі мобильді технологиялардың рөлі //Endless light in science. – 2024. – №. 2. – С. 14-23.

*Авазханов А.А., студент
Хабдолда Б., аға оқытушы
Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті*

ҚАЗАҚСТАНДЫҚ БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕСІНДЕГІ ОНЛАЙН ОҚЫТУ ҚҰРАЛДАРЫНЫҢ ТИІМДІЛІГІН БАҒАЛАУ

Аңдатпа. Бұл тұжырымдар Қазақстандағы онлайн білім берудің сапасы мен әділдігін арттыру үшін цифрлық инфрақұрылымға, педагогикалық инновацияларға және қолдау жүйелеріне стратегиялық инвестициялардың маңыздылығын көрсетеді. Зерттеу жаһандық сын-қатерлерге жауап ретінде білім берудің үздіксіз трансформациясы және оқу тәжірибесін қолдау және байыту үшін цифрлық технологияның әлеуеті туралы құнды түсініктерге ықпал етеді.

Түйін сөздер: Онлайн оқыту құралдары, Қазақстандық білім беру жүйесі, Оқушылардың қатысуы, Цифрлық инфрақұрылым, Педагогикалық инновация, Білім беру теңдігі.

КІРІСПЕ

Цифрландыру арқылы жоғары білімді трансформациялау ұлттық бәсекеге қабілеттілікті арттырудың негізгі стратегиясы болып табылады. Жаһандық даму траекторияларына ілесі отырып, Қазақстан Республикасы «Цифрлық Қазақстан» және «Білімді ұлт – сапалы білім беру» сияқты стратегиялық бастамаларды қолға алды.[1;2].

Қазақстанның білім беру жүйесі онлайн оқытуға айтарлықтай көшуді бастан өткерді, әсіресе COVID-19 пандемиясы кезінде айқын көрінді. Қазақстандық медициналық университетте жүргізілген секциялық зерттеу оқытушылар мен оқушылар үшін қиындықтар мен мүмкіндіктерді ұсынатын бетпе-бет оқытудан онлайн оқытуға жылдам ауысуды атап өтті. Бұл ауысым негізінен карантиндік шаралармен мәжбүр болды, дегенмен көптеген респонденттер бірнеше қиындықтарға қарамастан қашықтықтан оқыту режимін таңдады [3].

ОНЛАЙН ОҚЫТУ ҚҰРАЛДАРЫН ТАЛДАУ